

Облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 12 ақпандағы N 20/2 қаулысы. Павлодар облысы Әділет департаментінде 2010 жылғы 17 наурызда N 3158 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы N 29/1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 02.02.2016 N 29/1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңы 3-бабының 7-тармағына сәйкес, облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын пайдалану және жөндеуді қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қалалар мен аудандар әкімдері бір айлық мерзімде аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекітуді және қалалар мен аудан әкімдіктері қаулыларының көшірмелерін Павлодар облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Павлодар облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын басқару бойынша баланс ұстаушы және уәкілетті орган болып белгіленсін.

4. Павлодар облысы әкімдігінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі "Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 16 наурыздағы "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары туралы" N 86/3 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" N 128/4, 2006 жылғы 5 желтоқсандағы "Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 16 наурыздағы "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары туралы" N 86/3 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" N 317/12, 2007 жылғы 3 мамырдағы "Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 16 наурыздағы "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары туралы" N 86/3 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" N 130/5, 2009 жылғы 6 сәуірдегі "Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 16 наурыздағы "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары туралы" N 86/3 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 97/6 қаулыларының күші жойылсын.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.В. Склярға жүктелсін.

Облыс әкімі

Б. Сағынтаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрлігі

Автомобиль жолдары

З. Сағынов

комитетінің төрағасы

2010 жылғы 08 ақпан

Павлодар облысы әкімдігінің
2010 жылғы 12 ақпан
N 20/2 қаулысына
қосымша

Павлодар облысы бойынша облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының ТІЗБЕСІ

P/ с N	Автожолдар жіктемесі	Автожолдар атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым	Санаттары бойынша				соның ішінде, жамылғы түрлері бойынша, шақырым				Көп дана	
				I	II	III	IV	асфальтбетонды	қарашағылтас	шағылтас	топырақ		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	
1	KS-1	Ленин – Ертіс – Русская Поляна 0-272 шақырым	272			91	181	82	190				
2	KS-2	Окунев өткеліне кіреберіс жол 0-9 шақырым	9					9		9			1
3	KS-3	Подстепка өткеліне кіреберіс жол 0-9 шақырым	9					9		5	4		
4	KS-4	Беловка - Қалқаман 0-61 шақырым	61				61		61				1
Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Павлодар автожолдарынан кіреберіс жол													
5	KS-5	Жаңаауыл өткеліне кіреберіс жол, 0-6,5 шақырым	6,5					6,5		6,5			
6	KS-6	Ақтоғай – Шолақ-сор, 0-164 шақырым	164				164		88	76			1
7	KS-7	Ертіс– Пятирыжск (өткел) 0-6,2	6,2					6,2	1,2		5		

		шақырым										
8	KS-8	Ертіс–Ертіс станциясы 0-67,1 шақырым	67,1			67,1			62	4	1,1	
9	KS-9	Панфилов-Бестөбе 0-121,6 шақырым	121,6			121,6			25	96,6		
10	KS-10	Ивановка – Трофимовка –РФ шекарасы 0-95 шақырым	95			95			80	15		
11	KS-11	Шақат – Восточное – Шалдай 0-121,6 шақырым	121,6			121,6			86,4	35,2		
Омбы - Павлодар – Майқапшағай автомобиль жолдарынан кіреберіс жолд												
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
12	KS-12	Жаңаауыл өткеліне кіреберіс жол, 0-2,5 шақырым	2,5				2,5		1,5		1	
13	KS-13	Окунев өткеліне кіреберіс жол 0-3,5 шақырым	3,5				3,5		3,5			
14	KS-14	Чернорецк – Ольгино – Успенка – Шарбақты 0-149 шақырым	149			124	25		100,4	48,6		
Омбы-Павлодар-Майқапшағай автомобиль жолдарынан кіреберіс жол												
15	KS-15	Павловка – Галицкое 0-40 шақырым	40				40		7,5	32,5		
16	KS-16	Екібастұз –ГРЭС-2 0-26,9 шақырым	26,9			26,9			26,9			4
17	KS-17	Майқайың - Екібастұз 0-29 шақырым	29			29			29			
Облыстық жолдар бойынша барлығы:			1183,9		91	869,6	223,3	82	754,8	336	11,1	8